

Канапьянова Г.М.

Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей қаласы

E-mail: gulnur.kanapyanova81@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА МҰРАЖАЙ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасу тарихы бойынша зерттеулер талданады. Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасу тарихы туралы ғылыми білімнің едәуір қабатын қалыптастырған кеңестік және отандық зерттеулерге тарихнамалық талдау жасалды.

Түйін сөздер: мұражай, рухани мәдениет, мұражай жүйесі, ғылыми -зерттеу жұмысы.

Канапьянова Г.М.

Alikhan Bokeikhan University

Казakhstan, Семей қаласы

E-mail: gulnur.kanapyanova81@mail.ru

Изучение истории формирования музейной системы в Казахстане

Аннотация

В статье анализируются исследования по истории становления музеев Казахстана. Проведен историографический анализ советских и отечественных исследований, сформировавших значительный пласт научных знаний об истории становления музеев Казахстана.

Ключевые слова: музей, духовная культура, музейная система, научно-исследовательская работа.

Канарьянова G.M.

Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

E-mail: gulnur.kanapyanova81@mail.ru

The study of the history of the formation of the museum system in Kazakhstan

Abstract

The article analyzes research on the history of the establishment of museums in Kazakhstan. A historiographical analysis of Soviet and domestic studies, which formed a significant layer of scientific knowledge about the history of the establishment of museums in Kazakhstan, was conducted.

Key words: museum, spiritual culture, museum system, research work.

Ғасырлар бойғы халқымыздың жеке шаңырақ көтеріп, өз алдына еркіндік туын тігу, тәуелсіз мемлекет болып, әлемнің өркениетті елдері қатарынан көріну арманы қазіргі күні толығымен жүзеге асқан тарихи оқиға болып отыр. Бүгінгі таңдағы бұл қол жеткізген зор табыс болғанымен, оны кез - келген мемлекеттің тәуелсіздігіне, елдігіне қажетті саяси, әлеуметтік - экономикалық, алдыңғы қатарлы озық білім және мәдени

жетістіктерімен қамтамасыз етіп, одан әрі өрбіту керектігі сөзсіз.

Халық пен тарих - егіз төл ұғым, ұлттық тарихы жоқ халық болмайды. Бүгінде егеменді ел болған Қазақстан Республикасы халық тарихын қайта қарауда. Осындай қайта қарауды қажет ететін мәселелердің бірі - республикамыздағы мұражай ісінің даму тарихы. Мұражай - табиғат пен адамзат қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы

деректемесі, материалдық және рухани мәдениет, табиғат коллекциялары мен тарихи мұраларды жинақтау, сақтау олардың жәдігерлерін халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекеме, яғни өткен тарихты көзбен көріп, қолмен ұстап саралайтын бірден бір орын болып табылады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі жылдары мұражайлар жүйесінің қалыптасу тарихы және олардың өз міндеттері шеңберінде жүргізген ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту қызметтері жайында жазылған еңбектердің көпшілігі ресейлік мұражайтанушы мамандар үлесінде. Жекелеген орталық мұражайлар тарихын жазуда және мұражайтану ғылымының дамуында осы саладағы белгілі мамандар В.К.Гарданов[1], А.Б.Закс[2], В.Н.Игнатьева[3], Д.А.Равикович[4], А.Ш.Разгон[5], Н.С.Зузыкина[6], А.В.Ушаков[7], О.В.Ионова[8] өз үлестерін қосты. Аталған авторлар өз зерттеулерінде кеңес қоғамының түрлі кезеңдеріндегі мұражайлардың қалыптасуы мен даму тарихына тоқталып, оларға талдау жасау арқылы мәдени құрылыстың осы саласындағы жетістіктер мен жіберілген қателіктерге тоқталды. Бұл зерттеу нәтижелері кезінде жарыққа шығып тұрған «Очерки музейного дела в СССР» жинақтары мен «Советский музей» журналында және басқа да басылымдарда жарық көрді.

1930 жылы Қазақстанда мұражай жүйесі құрылысының бастамасы болған Орталық мұражайдың «Вестник центрального музея» басылымының жалғыз саны жарық көрді. Онда халық ағарту комиссариатының Қазақстан мұражайларына, Орталық мұражай кеңесінің Қазақ АССР мұражай өлкетану мекемелеріне арналған үндеулері, Қазақстан мұражайларының жақын уақыттағы міндеттері басылып шықты. Сонымен қатар, осы басылымда Орталық, Семей, Жетісу, Сырдария, Петропавл, Ақмола, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Көкшетау мұражайлары атқарып жатқан ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту қызметтері жайында қысқаша мағлұматтар берілді [9].

Семей мұражайының жергілікті қоғамдық ұйымдар көмегімен шығарған Семей мұражайы еңбектері» [10], «Семей мұражайы

тарихының қысқаша очерктері» [11], «Мұражай жинақтары анықтамасы» [12] басылымдарының қарастырылып отырған кезеңдегі мұражай қызметі жайындағы берер дерегі мол. Бұл басылымдарда мұражай меңгерушісі А.А.Адриановтың «Семей мұражайының қысқаша тарихы», «Өскемен ауданы археологиясы», Географиялық қоғам мүшелері В.А.Крюгердің «Семей губерниясы Павлодар уезінің оңтүстігіндегі геоботаникалық зерттеулер» В.А.Селевиннің «Түркістан-Сібір темір жолының солтүстігіндегі ориенталогиялық байқаулар» тақырыбында шыққан еңбектері жалпы мұражайдың губернияда жүргізіп жатқан ғылыми-зерттеулерге қатынасып отырғанын көрсетеді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жиырма жылында Қазақстанда мұражайлар жүйесінің құрылуы мен олардың қызметін зерттеуде тарихшы ғалым С.Ш. Ахметова өзінің «Историческое краеведение в Казахстане» атты еңбегінің жеке бір тарауын «Мұражайлық өлкетану мен ескерткіштерді қорғау ісінің дамуы» тақырыбына арнады. Бұл еңбекте алғаш рет Қазақстандағы 20-30 жылдары мұражайлар жүйесінің құрылуы мәселесі және ондағы жекелеген мекемелер мен түрлі қоғамдық ұйымдардың атқарған жұмыстары қарастырылды. Мұражайлардың алдына қойып отырған міндеттеріне орай жүргізген ғылыми-зерттеу, өлкетанушылық, мәдени-ағартушылық қызметіне шағын шолу жасалып, олардың республика территориясындағы ескерткіштерді сақтауға қосқан үлестері көрсетілді. Сонымен қатар, автор сол кездегі республика мұражайларының барлығының дерлік өлкетану сипатында болғандығын айқындап, олардың қызметінің жемісті болуына еңбек сіңірген жекелеген мұражай қызметкерлері жұмыстарына да тоқталған [13].

Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы мен оның атқарған қызметтері жайындағы көлемді зерттеулердің бірі А.Е. Қайназарованың «Музейное дело в Казахстане» тақырыбындағы 1995 жылы тарих ғылымы кандидаты атағын алу үшін қорғаған диссертациясы. Бұл ғылыми еңбекте автор

Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресейден келген түрлі экспедициялар мен ғылыми ұйымдардың өлкені зерттеуге қосқан үлестеріне тоқтала келіп, олардың еліміздегі алғаш мұражайлардың қалыптасуындағы атқарған ролін, қазақ этнографиясы бұйымдарын Ресейлік көрмеге катынастырудағы еңбектерін ашып көрсетті. Зерттеуде Қазақстан жерінде алғаш ашылған орындар, Семей, Жетісу мұражайларының қазан қарулы көтерілісіне дейінгі және оның алғашқы жылдарындағы қызметтері қарастырылған [14].

«Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы /1920-1940 ж.ж./» атты тақырыпта жүйелі зерттеу жұмысы 1999 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін А.Ф.Ибраеваның жазған диссертациясы болды [15].

Еңбекте автор алғаш рет 20-40 жылдардағы мұражай жүйесінің кеңеюі, кеңес үкіметінің мұражай жүйесі құрылысына тиісті жасаған шаралары, олардың материалдық-техникалық базасы мен ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту жұмыстары мен мамандары мәселесі кең көлемде тереңірек зерттелініп, тиісті баға берілген. Бұл зерттеуде жалпылама Қазақстан мұражай істеріне тоқталған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты мен Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан Облысы қазіргі заман тарихы құжаттарының орталығынан көптеген құнды мәліметтер алуға болады. Бұл мұрағат қорларында республикадағы мұражай жүйесінің қалыптасуы мен олардың ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту қызметтері жайындағы құнды деректер алғаш рет пайдаланып, айналымға қосылды [16].

Қолданылған әдебиеттер:

1. Гарданов В.К. Музейное строительство и охрана памятников культуры в первые годы Советской власти (1917-1920 г.г.). //Труды НИИ Музееведения. История музейного дела в СССР. Москва: Госиздат, 1957. 191с.
2. Закс А.Б. Источники по истории музейного дела в СССР (1917-1941 г.г.). //Очерки музейного дела в СССР. Вып. 6. Москва: Советская Россия, 1968.433 с.
3. Игнатьева В.Н. Организация музейного дела и музейное строительство РСФСР в послевоенные годы (1945-1953 г.г.). //Очерки истории музейного дела в СССР. Москва: Советская Россия, 1968. Вып. 6. 433 с.
4. Равикович Д.А. Организация музейного дела в годы восстановления народного хозяйства (1921-1925 г.г.). //Очерки истории музейного дела в СССР. Москва: Советская Россия, 1968. Вып. 6. 433 с.
5. Разгон А.М. Исторические музеи в России (1861-1917г.г.): Автореферат диссертациидоктора исторических наук. Саратов, 1973. 54 с.
- Ионова О.В. Создание сети краеведческих музеев РСФСР в первые десять лет Советской власти. //Труды НИИ Музееведения. История музейного дела в СССР. Москва: Госиздат, 1957. 191с.;
6. Зузыкина Н.С. Из истории массовой научно-просветительной работы советских музеев (1917-1945г.г.). //Труды НИИ Музееведения. Вопросы массовой научно-просветительной работы. Москва: Профиздат, 1972. 227 с.
7. Ушаков А.В. Краеведческая работа музеев (1917-1940 г.г.). Музейное дело в СССР. Москва: Профиздат, 1974. 196 с.
8. Ионова О.В. Музейное строительство в годы довоенных пятилеток (1928-1941 г.г.). //Очерки музейного дела в СССР. Москва: Профиздат, 1963. Вып. 5.
9. Вестник центрального музея Казахстана. Алма-Ата, 1930. 36с.
10. Труды Семипалатинского окружного музея. С., 1928. Вып.1-19с.; 16.
- 11.Краткий исторический очерк Семипалатинского музея. С.,1929.Вып.2. 14с.
12. Описание коллекции музея. Семипалатинский окружной музей. С., 1929.
13. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1982. 168 с.
14. Кайназарова А.Е. Музейное дело в Казахстане (вторая половина XIX - начало XX в.в.). Диссертация кандидата исторических наук. Алматы, 1995.
15. Ибраева А.Ф. Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы. (1920 1940 ж.ж.) Алматы. 1999. Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу диссертациясы.158.
16. ҚРОМА. 693-қор, 1тізбе, 1308-қор, 1тізбе. ШҚОҚЗТҚО 374-қор, 1406-қор.

References

1. Gardanov V.K. Muzejnoe stroitel'stvo i ohrana pamjatnikov kul'tury v pervye gody Sovetskoj vlasti (1917-1920 g.g.). //Trudy NII Muzevedenija. Istorija muzejnogo dela v SSSR. Moskva: Gosizdat, 1957. 191s.
2. Zaks A.B. Istochniki po istorii muzejnogo dela v SSSR (1917-1941 g.g.). //Oчерki muzejnogo dela v SSSR. Vyp. 6. Moskva: Sovetskaja Rossija, 1968. 433 s.
3. Ignat'eva V.N. Organizacija muzejnogo dela i muzejnoe stroitel'stvo RSFSR v poslevoennye gody (1945-1953 g.g.). //Oчерki istorii muzejnogo dela v SSSR. Moskva: Sovetskaja Rossija, 1968. Vyp. 6. 433 s.
4. Ravikovich D.A. Organizacija muzejnogo dela v gody vosstanovlenija narodnogo hozjajstva (1921-1925 g.g.). //Oчерki istorii muzejnogo dela v SSSR. Moskva: Sovetskaja Rossija, 1968. Vyp. 6. 433 s.
5. Razgon A.M. Istoricheskie muzei v Rossii (1861-1917g.g.): Avtoreferat dissertacii doktora istoricheskikh nauk. Saratov, 1973. 54 s.
6. Ionova O.V. Sozdanie seti kraevedcheskikh muzeev RSFSR v pervye desjat' let Sovetskoj vlasti. //Trudy NII Muzevedenija. Istorija muzejnogo dela v SSSR. Moskva: Gosizdat, 1957. 191s.;
7. Zuykina N.S. Iz istorii massovoj nauchno-prosvetitel'noj raboty sovetskih muzeev (1917-1945g.g.). //Trudy NII Muzevedenija. Voprosy massovoj nauchno-prosvetitel'noj raboty. Moskva: Profizdat, 1972. 227 s.
8. Ushakov A.V. Kraevedcheskaja rabota muzeev (1917-1940 g.g.). Muzejnoe delo v SSSR. Moskva: Profizdat, 1974. 196 s.
9. Ionova O.V. Muzejnoe stroitel'stvo v gody dovoennyh pjatiletok (1928-1941 g.g.). //Oчерki muzejnogo dela v SSSR. Moskva: Profizdat, 1963. Vyp. 5.
10. Vestnik central'nogo muzeja Kazahstana. Alma-Ata, 1930. 36s.
11. Trudy Semipalatinskogo okružhnogo muzeja. S., 1928. Vyp.1-19s.; 16.
12. Kratkij istoricheskij oчерk Semipalatinskogo muzeja. S., 1929. Vyp.2. 14s.
13. Opisanie kollekcii muzeja. Semipalatinskij okružhnoj muzej. S., 1929.
14. Ahmetova S.Sh. Istoricheskoe kraevedenie v Kazahstane. Alma-Ata:Kazahstan, 1982. 168 s.
15. Kajnarova A.E. Muzejnoe delo v Kazahstane (vtoraja polovina XIX - nachalo XX v.v.). Dissertacija kandidata istoricheskikh nauk. Almaty, 1995.
16. Ibraeva A.F. Қазақстанда мұражай зыжесінің қалыптасуы. (1920 1940 ж.ж.) Almaty. 1999. Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу dissertacijasy. 158.
17. ҚРОМА. 693-қор, 1тізбе, 1308-қор, 1тізбе. ШҚОҚЗТҚО 374-қор, 1406-қор.

Сведения об авторе

Капапыанова Гульнур Мырзабекковна

Position: master of history, Senior Lecturer of the Department of history and geography, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400, Semey, Republic of Kazakhstan

Mobile. Tel 87773689729

E-mail: gulnur.kanapyanova81@mail.ru

Канапьянова Гульнур Мырзабекқызы

Лауазымы: тарих магистрі, тарих және география кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, 8Март 12 к-сі

Ұялы. тел 87773689729

E-mail: gulnur.kanapyanova81@mail.ru

Канапьянова Гульнур Мырзабекковна

Должность: магистр истории, ст.преподаватель кафедры истории и географии Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: Республика Казахстан, г.Семей, ул.8Март12

Сот. тел: 87773689729

E-mail: gulnur.kanapyanova81@mail.ru